



НОВЫЙ
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
им. Т. Рыскулова



**Кәсіпкерліктің әлеуметтік-
экономикалық мәні және оны
сипаттайтын ерекшеліктері**



*Кәсіпкерлік -
азаматтық қоғамның тірегі,
тұрақтылық кепілі.*

*Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев*





Кәсіпкерлік теорияны дамытқан зерттеушілер мен экономистер

Р.Кантильон
Бірінші болып
кәсіпкерлік
терминді қолдана
бастады

А.Смит -
Тауар нарығында
классикалық,
экономикалық
мектептің негізін
салушы

В.Зомбарт
Кәсіпкерліктің
негізгі мақсаты —
істің өркендеуіне
жағдай жасау деп
анықтама берді

Ж.Б.Сэй кәсіпкерліктің
өзіне тән
ерекшеліктерін жан-
жақты бейнеледі, оның
табысының бір бөлігі
ерекше дарыны үшін
беріледі.

И.Шумпетер
кәсіпкердің өндірістік
меншігі болуы міндетті
емес, жеке адам капиталист
— болуы мүмкін, банк
басқарушы не акционерлік
қоғамның мүшесі және т.б.

Кәсіпкерлікте тұлға және оның нысаны бөліп қаралады.

- Жеке тұлғалар, әр түрлі ассоциациялар, акционерлік қоғамдар, жалгерлік ұжым кооперативтері және мемлекет кәсіпкер **тұлғалар** бола алады.
- Шаруашылық қызметтің кез келген түрлері, коммерциялық делдалдық, сату-сатып алу, инновациялық, кеңес беру қызметтері, бағалы қағаздармен операциялар **кәсіпкерлік нысандары** бола алады.



Қызмет мазмұнына қарай кәсіпкерлік мынадай түрлерге бөлінеді.



Өндірістік кәсіпкерлік — тауарлар, қызметтер, ақпараттар, рухани құндылықтар өндіретін кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерліктің бұл түрі өндіріс функциясының негізі.

Делдалдық кәсіпкерлік — бір мәмілеге өзара мүдделі жақтардың басын қосатын қызметте көрінеді. Бұндай қызметті көрсеткені үшін кәсіпкер табыс алады.

Қаржылық кәсіпкерлік — коммерциялық кәсіпкерліктің бір түрі болып табылады, сату-сатып алудың объектісі ақша валюта, бағалы қағаздар болып табылады.

Коммерциялық кәсіпкерлік — тауарлар мен қызметтерді қайта сату бойынша мәмілелер мен операциялар құрамына енеді және өнім өндірісімен байланыспайды. Кәсіпкер пайдасы тауарды сатып алу бағасынан жоғары бағаға сату арқылы жасалады.

Сақтандыру кәсіпкерлігі — кәсіпкер сақтандырған оқиға болған кезде ғана қайтарылатын сақтандыру жарнасын алып отыратын қаржы кәсіпкерлігінің ерекше формасы.

Ресурстардың әр түрлі комбинацияларын жасау – кәсіпкер қызметінің қажетті буыны. Олар Шумпетер көзқарасы бойынша бес бағытты қамтиды.

1. Жаңа игілікті жасау немесе ескі игіліктің жаңа сапасын жасау;
2. Өндірістің жаңа әдісін енгізу;
3. Жаңа өткізу нарығына шығу;
4. Шикізат немесе жартылай фабрикаттың жаңа көзін табу;
5. Өндірісті қайта ұйымдастыруды жүргізу.



Кәсіпкерліктің үш түрі бар:

жеке тұлғалар

серіктестік

корпорация



Жеке кәсіпкерлік - бір адам ғана айналысатын бизнесті айтады.

Кемшіліктері: оның жауапкершілігі шектелмеген және оның капиталы көп емес

Артықшылықтары: әр меншік иесі өз пайдасына өзі ие, кез келген өзгерісті өзі жасай алады. Ол тек табыс салығын төлейді және корпорация үшін бекітілген салықтан босатылған. Бұл ұсақ дүкендерге, қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындарға, фирмаларға, сондай-ақ заңгерлердің, дәрігерлердің т.б. кәсіби қызметіне тән бизнестің кең тараған формасы.



Серіктестік деп – екі немесе одан да көп адам бірлесіп айналысатын бизнесті атайды.

Артықшылығы: серіктестікке де табыс салығы салынады. Оны ұйымдастыру және қосымша қаражат пен жаңа ойлар тарту жеңіл.

Кемшіліктер: капиталдың жаңа салымдарын төмен ететін, дамып келе жатқан іс қаржы ресурстарының тапшылығын, фирма қызметін, мақсаттарын оның қатысушыларының бірдей түсінбеуін, әрқайсысының фирма табысында немесе зияндағы үлесін анықтау күрделілігін кіргізуге болады. Серіктестік формасында делдалдық кеңселер, аудиторлық кеңселер мен фирмаларды, қызмет аяларын т. б. кіргізуге болады.



- **Корпорация** - бір кәсіпкерлік қызмет істеу үшін бірлескен тұлғалар жиынтығын айтамыз. Корпорация меншігіне құқық акциялар бойынша бөліктерге бөлінген, сондықтан корпорация иелері акция ұстаушылар, ал корпорация акционерлік қоғам деп аталады.
- **Кемшіліктері:** корпорация табысынан корпорацияға салынатын салық ұсталады. Кәсіпкерліктің акционерлік формасы Қазақстанда жиі кездеседі.
- **Артықшылықтары:** кәсіпкерлік экономикалық ойлардың ерекше түрі, көзқарас жиынтығы ретінде сипатталады және шешім қабылдайды, оны тәжірибелік қызметте іске асырады.

